

## Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес балық майын сыйыптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 16 қазандағы № 162 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының екінші абзацына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Балықтың денесінен алынатын, тазартылмаған немесе тазартылған, химиялық құрамы өзгертилмеген, көп қанықпаған май қышқылдары мен витаминдердің көзі ретінде адам тағамына тәнгерімдеп қосу үшін қолданылатын витаминдер қосылған, желатин капсулалардағы балық майы сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 1504 тауар позициясында сыйыпталады.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

T. Саркисян